– Дария Болатовна, сегодня ни у кого не вызывает сомнения тот факт, что внедрение в образовательный процесс электронных информационно-образовательных ресурсов, например, электронных учебников и учебных пособий, способствует повышению познавательного и профессионального интереса обучающихся, развитию их самостоятельной, поисковой, научно-исследовательской деятельности. Как ЦИО участвует в активизации учебной деятельности студентов?

– ЦИО активно обеспечивает учебный процесс электронными образовательными ресурсами. Совместно с профессорско-преподавательским составом университета ведется большая работа по созданию следующих видов электронных образовательных ресурсов: электронные учебные издания, видеолекции, мобильные обучающие приложения.

На данный момент разработано 68 электронных учебных изданий из них 3 виртуальных лаборатории, 68 видеолекций и 8 мобильных обучающих приложений.

Каждый созданный электронный продукт регистрируется в Комитете по правам интеллектуальной собственности Министерства юстиции Республики Казахстан и получает соответствующее свидетельство.

Все электронные образовательные ресурсы размещены на портале ПГУ в Личных кабинетах студента и преподавателя, а также в медиатеке университета. Каждый участник учебного процесса имеет возможность использовать разработанные электронные учебно-методические материалы на занятиях.

В целом, политика информатизации образования в университете стала определяющей в формировании модели современного университета, применяющего в своем управлении и в процессе обучения новые информационные технологии, обеспечивающего академическую свободу в построении траектории обучения и поддерживающего образовательные инновации.

– Спасибо за интересную и содержательную беседу.

Беседу вела

Куралай Шаймарданова

МУЗЫКАНЫ СҮЙГЕН БАЛА ЖАМАНДЫҚКА БАРМАЙДЫ

Бүгінгі қонағымыз музыканы өзіне серік еткен, жарты ғасырға жуық өмірін балаларды музыкаға баулуға арнаған жан. Сазгер, ұстаз, С. Торайғыров атындағы ПМУ профессоры, «ҚР мәдениет қайраткері» Назымбек Сәбитұлы Дүкенбайды 65 жылдық мерейтойы қарсаңында әңгімеге тартқан едік.

– 170 әннің авторысыз. Сол әндердің көбісі балалар мен жастарға арналып жазылған екен. Балалар музыкасына жақын болуыңыздың себебін тарқатып кетсеңіз.

– Менің «Сарыарқа самалы» газетіне «Балаға лайықты ән бар ма?» деген мақаламда балалар музыкасы турасында жазған едім. Ол мақаланы жазуға итермелеген де балалар музыкасы мәселелері еді. Шығармашылық адамдар, музыканттар, сазгерлер балдырғандарға арнап әндер жазуда. Білім беру және Мәдениет департаменті мамандарына «балалар қазақ бала-бақшалары мен қазақ мектептерінде қандай ән тыңдап жүр, қандай әуенге би билеп, қандай музыкамен адымдап жүр» деген сауал қойдым. Біздің бүлдіршіндеріміз қандай әуенді тыңдап өсіп келеді. Кеңестік заманда жазылған бірнеше өлеңдермен шектелген репертуарды жаңартуға уақыт келген сияқты. Міне, сазгер, ақындар, суретшілер болып алдарыңыздағы балаларды музыкамен тәрбиелеудің әдістемесін жасап шығардық.

– Сіз бастауыш сынып оқушыларына музыка пәнін

оқытудың авторлық әдістемесін жасап шықтыңыз. Оны он жыл бойы тәжірибемен өткіздіңіз. Тәжірибе не берді?

– Менің шұғылданып жүрген жұмысым қазақ мектептеріндегі балаларға музыканы оқыту ісі. Мен Ы.Алтынсарин атындағы мектеп интернатта жұмыс істеп жүрген кезімде мектеп директоры Мақаш Жылқыбаевтың ұсынысымен 1984–1994 жылдары аралығында өзімнің авторлық әдістемемді қолдану арқылы тәжірибеден өткіздім. Бұл әдістеме болашағына сенімді, білімді әрі бабаларының мұрасына құрметпен қарайтын жан-жақты азаматты тәрбиелеуге септігін тигізеді. Тәуелсіздігімізді алғалы міне 22 жыл болды. Мемлекетіміз гүлденді, дамыған өркениетті мемлекеттер қатарынан көрініп келеміз. Осымен қоса тәуелсіз елдің азаматы рухани да бай болуы шарт. Рухани байлығымыз арқылы осы дүниелік жеңістер мен жетістіктерге адымдаймыз. Рухани мұра – музыка деген сөз. Алайда, сол ән өнеріне жіті көңіл бөле бермейтініміз шындық. Бүгінгі қоғамда қазақ тілін меңгере алмай жатырмыз, ұлттық салт-дәстүрлерімізді жаңғырта алмай жүрміз деген мәселелерді атоялап айтып жатамыз. Бұл мәселелерді музыкамен шешуге болады.

– Әдістеме бүгінгі жалпы білім беретін орта мектептердегі музыка пәнінің оқыту әдістемесін несімен ерек?

– Баланың азамат болып қалыптасатын уақыты бастауыш сынып оқып жүрген кезі. Сон-

дықтан, осы уақытта баланы барынша музыкаға жақын етуіміз керек. Мысалы, тәжірибе кезінде мектеп директоры белгіленген жоспардан тыс сағатымды екі есе көбейтті. Міне, осы тәжірибе жұмыстың нәтижесінде өзімнің балама авторлық бағдарламамды жасадым.

– Менің әдістемем тақырыптық қағидасы бойынша жасалған. Оқулықта заманға сай жаңа әндермен, қазақ халқының әндерімен және әлем классиктерінің туындыларымен толықтырдым. Мәселен, бір күйді оқытқанда, сол күйді әртүрлі аспаптар орындауында бердім. Оқу әдістемеді музыка өнерінің классикасы, опера, симфония, балет те бар. Музыкада төрт жанр бар: ән, күй, би, марш. Осы жанрдың бәрін мен қамтыдым. 1-4 бастауыш сыныптарына музыка пәнін оқытуға арналған балама бағдарлама, 2-ші және 3-ші сыныптарының әдістемелік оқу құралын, оқу құралдың негізінде оқулық және ұнтаспа жасап шығардым. Көп мектептерімізде арнайы жабықталған музыка кабинеттер жоқтың қасы. Сондықтан, менің әрбір әдістеме құралыма арнап ұнтаспа жасадым. Менің дәлелдегенім музыканы сүйген бала жамандықтан алшақ жүретіні. Музыкаға әуес бала мықты музыкант, сазгер, әнші, тіпті, басқа салада жұмыс істесе де ол білікті маман болады.

Бұл әдістемеге қолдау болмағаны жанды қынжылтады. ҚР Білім және ғылым министрлігіне де бұл әдістемені жібергенмін. Ол жақтан мардымды жауап ала алмадым.

– Бұл еңбектің бәрі көп жылғы тәжірибемен, балалар психологиясын жетік білуген байланысты болар.

– Мен қазақ мектептеріндегі оқушыларға музыканы оқытумен 48 жыл бойы айналысып келемін. Былайша айтқанда ғұмырымды балалар музыкасына арнаған адаммын. Сонау 1974 жылы С.Сейфуллин атындағы Целиноград педагогикалық институтын орта мектептің музыка пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тамамдадым. Институт қабырғасында оқып жүріп, факультеттің үлкен хоры мен вокалды инструментальді ансамблін құрдым. Институт қабырғасында оқып жүріп, яғни, 1965 жылдан бері музыка саласында еңбек етім келемін. 1974 жылдан бері 30 жыл бойы А.Бейсембаев атындағы колледжде музыка пәнінің мұғалімі, меңгеруші, директор орынбасары болып та қызмет еттім. Одан кейін Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-интернатта, ал, 2003 жылдан бері С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде қызмет етіп келемін. 2004 жылдан бері Республикалық оқу-әдістемелік секция мүшесімін. Жоғары мектептер арасында екі рет «Үздік музыка пәні мұғалімі» атты республикалық байқау өткіздім. 2003 жылдан бері 20-дан астам оқу құралдары мен әдістемелерім, 16 ғылыми еңбектерім шықты. ЖОО музыка мамандықтарына арналған «Музыкалық білім беру теориясы», «Музыкалық білім беру психологиясы», «Музыкалық білім беру іс-әрекеті» сынды оқулықтарды жасадым.



– Сіздің балалар, жастар мен патриоттық мазмұнды әндер жинақтарыңыз да еңбегіңіздің бір белесі екені белгілі. Осы еңбектеріңіз туралы не айтасыз?

– Астананың 10 жылдығына орай «Астана асқақ – әсем ән», «Жастар және патриоттық әндер», А.Е.Кудеринамен бірігіп «Музыкалық қазақ тілі» деген қазақ тілін балалар әндері арқылы үйрету, «Жүректен шыққан әуендер», «Балаларға бағарлық» жинақтары жарыққа шықты. 2006 жылы «Ең үздік оқытушы» грантын ұнатып алдым. Сол гранттың арқасында «Балаларға арналған әндер» жинағы шықты. Екі жыл бойы «Сарыарқа самалы» газетінде «Кел домбыра үйренейік» атты газет арқылы сабақ жүргіздім. Басылымдағы осы сабақтардың нәтижесінде «Домбыра үйрену мектебінің алғашқы сабақтары» деген еңбегімді жаздым.

Сұхбаттасқан

Жанар ЕЛЕШОВА

БИБЛИОТЕЧНОЕ ДЕЛО ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ

Впервые в истории библиотечного дела Павлодарской области вышел уникальный библиографический указатель «Библиотечное дело Павлодарского Прииртышья». Издание подготовлено специалистами Научной библиотеки им. академика С. Бейсембаева ПГУ им. С. Торайғырова и Центральной городской библиотеки им. П. Васильева ЦБС г. Павлодара и посвящен наставникам, корифеям библиотечного дела Гришиной Е.И., Касьян Н.Г., Мироновой М.Н.

Составителями указателя сделана попытка собрать воедино библиографическую информацию о книгах, публикациях на казахском и русском языках, рассказывающих о развитии, становлении и современном состоянии библиотечного дела Павлодарской области.

Инициаторами указателя стали ветераны библиотечного дела Н.К. Курбатова (НБ ПГУ) и Н.Д. Худякова (ЦГБ).

В указателе включены библиографические сведения о некоторых архивных документах из фондов областных архивов г. Павлодара (ГАПО), г. Семей (ГА ВКО), и г. Омска (ГАОО).

Материал сгруппирован по типам библиотек, внутри разделов – в хронологическом порядке, в пределах года – в алфавите авторов и заглавий.

Библиографический указатель дополнен вспомогательными указателями:

– указатель авторов, редакторов, составителей;

– аннотированный указатель имён.

Указатель предназначен научным работникам, преподавателям, студентам, специалистам библиотечного дела, а так же всем, кто интересуется библиотечным делом Павлодарской области, он окажет помощь в научной, исследовательской, краеведческой, учебной и практической деятельности.

Исамадиева С.А.,

директор научной библиотеки им. академика С. Бейсембаева



В репертуаре клуба – яркие запоминающиеся вечера, литературно-музыкальные композиции, встречи с интересными людьми, конференции, устные журналы, экскурсии, путешествия. И на всех мероприятиях присутствует книга.

Клуб «Вдохновение», организованный 9 декабря 2010 года, провел ряд замечательных мероприятий, заслуживающих упоминания. В их числе незабываемый вечер – встреча с бардами Михаилом и Зулейхой Сербиными. Сербины презентовали свой новый сборник «Откровение», рассказали о своем творчестве, пели под гитару свои песни. Гости подарили в фонд библиотеки свои диски «Два крыла», «Пока живу», «Танец на песке».

В переломные периоды развития общества большое значение приобретает проблема патриотического воспитания молодежи. Особое место в работе клуба «Вдохновение» занимают мероприятия, посвященные Великой Отечественной войне: творческий вечер «Стихи женщин-поэтов о войне», литературный час «У войны не женское лицо», обзор-беседа книг по творчеству татарского поэта Муссы Джалиля.

Интересно прошла читательская конференция «Тема войны в произведениях Василия Быкова». В ее работе приняли участие студенты факульте-

та истории и права и преподаватели кафедры истории. Прошла она в стенах музея Воинской Славы, куда также были приглашены ветераны Великой Отечественной войны.

Еще одну дату не обошли стороной члены клуба – это 120-летний юбилей великого сына казахского народа – Султанмахмута Торайғырова. На литературно-музыкальном вечере студенты читали стихи поэта на русском и казахском языках. Было видно, что студенты неравнодушны к творчеству поэта, что их так же, как и Торайғырова, в свое время, волновали многие духовно-нравственные проблемы.

С интересом участники вечера рассмотрели виртуальную книжную выставку «Жақсылық көрсем – өзімнен».

Юбилейный вечер, посвященный 75-летию известного павлодарского поэта Виктора Семерьянова, прошел с участием студентов и преподавателей кафедры русской филологии. Сам поэт читал свои стихи и отвечал на вопросы студентов.

На заседаниях клуба активно популяризируется казахская литература. Так, проводились литературные часы «Репрессированная казахская литература», презентация книги Н.И. Титова «Строки, летящие сквозь время», творческий вечер, посвященный 100-летию со дня рождения известного писателя, общественно-

го деятеля Республики Казахстан Ади Шарипова и т.д.

Ярко и незабываемо прошла встреча студентов вуза и членов литературного клуба с общественным объединением «Ассоциация корейцев Казахстана» Павлодарской области. Заместитель председателя Ассоциации корейцев Казахстана Раиса Афанасьева познакомила присутствующих с обычаями и традициями корейского народа. Участниками ансамбля «Аньён», художественным руководителем которого является Гульнара Ауталипова, были исполнены народные корейские танцы.

Прошлое и современность, реальность и будущее всегда вызывают интерес у представителей любого поколения. Новые книги, журналы, новые люди – это всегда интересно. Приятно работать с людьми разных поколений, а с молодежью – особенно. В нашем клубе «Вдохновение» мы стремимся находить ответы на вопросы, которые ставит жизнь перед поколением next. Впереди ещё много задумок и возможностей.

Лиханова Е.А.,

председатель клуба «Вдохновение», специалист высшего уровня квалификации, библиотекарь НБ им. С. Бейсембаева

КЛУБ В БИБЛИОТЕКЕ – ЭТО ЦЕНТР ОБЩЕНИЯ СТУДЕНТОВ

Библиотеки вузов, переживающие эпоху существенных перемен, качественных изменений в работе, традиционно остаются центром знаний, культуры и духовности. Научная библиотека Павлодарского государственного университета имени С. Торайғырова для повышения эффективности своей культурно-просветительской деятельности при поддержке преподавателей создала клуб «Вдохновение», который за короткое время стал центром духовного и интеллектуального общения студентов.



Бірлік – татулықтың белгісі

Тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасарларының, кафедра меңгерушілерінің, әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің профессорлық-оқытушылар құрамы өкілдерінің, магистранттардың, студенттердің қатысуымен С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде осы жылдың 20 қарашасында «Қазіргі қазақстандық қоғамдағы этникааралық толеранттылық: жағдайы және тенденциялары» ғылыми-әдістемелік семинар өтті.

Семинарды ұйымдастырушы: С. Торайғыров атындағы ПМУ Этносаралық және конфессияаралық үрдістерді зерттеудің аймақтық ғылыми-практикалық орталығы.

Семинарға қатысушылардың алдында құттықтау сөзбен семинардың қонақтары: Павлодар облысы ішкі саясат басқарма басшысының орынбасары Р.Ш. Шәмкенова, Павлодар облысының «Нұр Отан» партиясы филиалының ұйымдастырушылық-партиялық бөлімінің кеңесшісі А.З. Сыздықова, Жастар этномәдениет бірлестігінің үйлестіру кеңесі төрайымының орынбасары, Павлодар облысы ҚХА неміс жастары клубының жетекшісі А. Бартель және студенттер қауымы өкілдері атынан сөз сөйленді.

Шара барысында семинарға қатысушылар белгіленген тақырып бойынша пікір алмасып, келелі мәселелерге ұсыныстар ұсынды. Және де жастар арасында этноконфессиялық толеранттылықты қалыптастыру және нығайту ісі бойынша жұмыстардың алдағы бағыты сараланып, айқындалды.

Сондай-ақ, Халықаралық толеранттылық күніне арналған байқаудың қорытындысымен таныстырып, номинациялар бойынша жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті. «Ең үздік мақала»: 1 орын – «Саясаттану» мамандығы бойынша тарих және құқық факультетінің 2 курс студенті Әділет Мейрманов, 2 орын – «География» мамандығы бойынша Химиялық технологиялар және жаратылыстану факультетінің 2 курс магистранты Айнуір Мұканова, 3 орын – «Мәдениеттану» мамандығы бойынша Тарих және құқық факультетінің 4 курс студенті Диас Шәкенов.

«Ең үздік ұран»: 1 орын – «Мұнайгаз ісі» мамандығы бойынша Металлургия, машинажасау және көлік факультетінің 4 курс студенті Яковс Сергеевс, 2 орын – «Психология және педагогика» мамандығы бойынша Гуманитарлық-педагогикалық факультетінің 1 курс магистранты Рысбек Маусымбаев, 3 орын – «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша «Энергетика» факультетінің 3 курс студенті Дәулет Кудерин.

«Ең үздік логотип»: 1 орын – «Машина жасау» мамандығы бойынша Металлур-

гия, машинажасау және көлік факультетінің 4 курс студенті Анастасия Панарина, 2 орын – «Машина жасау» мамандығы бойынша Металлургия, машинажасау және көлік факультетінің 4 курс студенті Сағыныш Нуркимбаев.

«Объектив арқылы толеранттылық»: 1 орын – «Психология және педагогика» мамандығы бойынша Гуманитарлық-педагогикалық факультетінің 1 курс магистранты Рысбек Маусымбаев, 2 орын – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша Сәулет-құрылыс факультетінің 2 курс студенті Ержігіт Тағай.

«Арнау»: 1 орын – «Электроэнергетика» мамандығы бойынша «Энергетика» факультетінің 2 курс студенті Жангелді Жанат, 2 орын – Гуманитарлық-педагогикалық факультетінің 1 курс студенті Қасымхан Мұхитов, 3 орын – «Журналистика» мамандығы бойынша Гуманитарлық-педагогикалық факультетінің 2 курс студенті Айгүл Құлмағанбетова.

Облыс мәслихатының депутаты Г.Г. Нұрханованың атынан жеңімпаздарға ақшалай жүлдені А.З.Сыздықова тапсырды. Павлодар облысы Ішкі саясат басқарма бас-

шысының орынбасары Р.Ш. Шәмкенова, Павлодар облысының «Нұр Отан» партиясы филиалының ұйымдастырушылық-партиялық бөлімінің кеңесшісі А.З. Сыздықова жеңімпаздарға «Регион КЗ» газетіне жарты жылдық жазылу сертификатын және Сергей Горбуновтың «Жүрек жады» кітабын сыйлыққа тартты. Жұлделі орын алған магистранттар мен студенттерге құрмет грамотасы тапсырылды.

Сонымен қатар, қатысушыларға университетте жүзеге асырылатын бастамаларды қолдап студенттік ортада этноконфессиялық толеранттылықты қалыптастыру барысында белсенді қатысқаны үшін алғыс хат тапсырылды.

Құрметті достар! Сіздердің назарларыңызға «Ең үздік мақала», «Арнау» номинация жеңімпаздарының материалдарын ұсынамыз.

Н.Тышканова,

этносаралық және конфессияаралық үрдістерді зерттеудің АҒПО директоры



МЕЙРМАНОВ Әділет, С. Торайғыров атындағы ПМУ Тарих және құқық факультетінің 2 курс студенті

Ұлттық саясат - этносаралық толеранттылықтың үлгісі

Ұлттық саясат туралы айтқанда, әр адамның ойына өзінің тәуелсіз елі, сол тәуелсіздік жолындағы ұлы тұлғалардың істеген еңбектері мен ерліктері, толеранттылықтың қайталанбас үлгісін көрсетуі көз алдымызға келеді. Сондықтан да, Ұлттық саясатты қалыптастыру жолындағы, сол аумалы-төкпелі замандағы зиялылар туралы айтпай кетпеген дұрыс болмас.

Қазақ халқы қай ғасырда болмасын, әрқашанда ақкөңіл, қонақжай, төзімді болғаны бәрімізге белгілі. Ұлы Отан соғысы жылдарында, сонау ашаршылық кезінде қазақ халқы зобалаңды басынан өткерді. 1931-1932 жылдары Қазақстан аумағында аштық жайлады. Осының салдарынан 2 млн-дай қазақ, 250 мыңдай басқа ұлт өкілдері аштан өлді. Зорлық пен әділетсіздікке шыдамаған қарапайым халық, көрші елдер мен республикаларға (Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан т.б.) көшіп кетті. Міне, қазақ санының төмен болуы да осыдан.

1937-1938 жылдары кеңестік тоталитарлық жүйе аштықтан миллиондардың өмірін қиған қылмысынан кем түспейтін қанды қырғын ұйымдастырды. 1938 жылдың ақпанаурыз айларының 15 күні ішінде ғана – 631 адам атылды. Осылайша қазақ зиялыларының қаймағы жойылды.

Міне, осыдан тоталитарлық жүйенің қазақ халқына арналған миссиясының орындағандығын көрсетті. Бірақ та, халқымыз қанша зорлық-зомбылықты көрсе де, оған төтеп берді. Осы үшін ата-бабамызға алғысымыз шексіз.

Тәуелсіз мемлекет деген қандай жақсы. Қазақстандықтардың ең басты мақсаты білімін жетілдіріп, нұрлы болашаққа қадам басу болып табылады. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дегендей, қазіргі заман білімінді ерінбей еңбектеніп жетілдірсең, жолың әрқашанда ашық болады дегенді білдіреді. Сондай-ақ, біздің Ұлттық саясатымызда соған бағытталған. Этникалық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық. Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналды. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттермен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев 2015 жылға дейін жүзеге асуға тиіс Ұлттық саясат тұжырымдамасын жасаған болатын. Және қазір Қазақстан Ұлттық саясатының жүзеге асуы үшін үлкен жұмыстар жүргізуде.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық саясатының тұжырымдамасы» – бұл елімізді меңкендеген барлық азаматтардың, олардың

ұлттық, діни өзгешеліктеріне қарамастан, бірлікте, татулықта өмір сүріп, тәуелсіздікті сақтауға және нығайтуға, қоғамды демократияландыруға, әділеттілікті орнатуға үлес қосуын басты мұрат еткен негізгі құжат. «Қазақстан халқы ассамблеясы» әзірлеген, қоғамның басым бөлігі қабылдамаған «ел бір-лігі» доктринасымен қатар талқылауға ұсынылады.

Ұлттық саясат – бір мемлекетте тұратын әр түрлі этностардың, этникалық топтар мен диаспоралардың арасындағы қарым-қатынастарды реттеу. Өркениетті мемлекеттерде этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді сақтауды және нығайтуды мақсат етеді. Әлемдегі 200-ден астам мемлекеттің 80%-дан астамы көп этносты және көп дінді. Сондықтан Ұлттық саясат әрбір мемлекеттегі әлеуметтік саясаттың маңызды сегменті болып табылады.

ҚР-да Ұлттық саясаттың негізгі бағыттары жеті бөліктен тұрады. Тізбектеп айтатын болсам: 1) Саяси-құқықтық салада, 2) Сыртқы саясат саласында, 3) Экономикалық және әлеуметтік салада, 4) Тәрбие, білім беру саласында, 5) Ақпараттық салада, 6) Тіл саласында, 7) Дінаралық салада.

Міне, қарап тұрсақ қай бағытты алсаң да, өзекті мәселенің бірі болып табылады. Әрине тәуелсіз мемлекет болған соң, елімізде саяси-құқықтық салаға барынша ерекше көңіл бөлуде. Отан үшін от кешкен ата-бабаларымыздың мәртебесін көтеріп, мұражайлар, ескерткіштер ашылууда. Сондай-ақ көше аттары да қайта өзгертіліп жаңартылууда. Елдегі этносаралық қатынастарды реттеп отыратын заңнамалар, саяси партиялардың рөлін арттырып оларды этносаралық және дінаралық мәселелерді шешуге араластыру мақсаттары мен міндеттері қойылып, еліміз Қазақстан қарқынды даму үстінде.

Жалпы алғанда, еліміз Қазақстан Республикасының Ұлттық саясатының жүзеге асуы үшін қоғамда толеранттылық ең бірінші орында тұруға тиіс. Себебі жанағы айтып өткен бағыттардың көбісі бір-екі жылда шешілмейді. Қажырлы еңбек пен талпынысты, шыдамдылықты талап етеді. Менің ойымша, елімізде жүргізіліп отырған саясат, этносаралық толеранттылықтың негізін қалады. Нәтижесін де көрудеміз.

Жыл өткен сайын мемлекет пен қоғамның қызметі көбінесе заңдармен реттелетін бола бастады. Сондықтан, Парламенттің де, Үкіметтің де осы заңдар бойынша өмір сүруге тиіс жандармен көбірек кеңескені жөн. Әрине, бәрін бірден шешіп тастау мүмкін емес, сондықтан төзімділік таныту керек, ұсақ-түйекке шашыла бермей, күш-қуатымызды қалап алған басымдықтарымызға жұмылдыруымыз керек.

МҰХИТОВ Қасымхан, С. Торайғыров атындағы ПМУ Гуманитарлық-педагогикалық факультетінің 1 курс студенті

Тіл - достық пен келісімнің негізі

Біз кезбен көріп, қолмен ұстап, тілмен ұғынамыз. «Адам тілдескенше, жылқы кісініскенше» – дейді қазақ. Сөзің жарасса – түсінісіп, жараспаса – томсырайысып қаласың. Болмайтын іс сөзбұйдаға салынып, шешімін таппайды. Көпшілік жиналған жерде әзіл-қалжың да, өткір сын да айтылады. Гу-гу әңгіме үстінде біреудің-біреуге тілі тиіп жатса, қасындағылары оны жуып-шайып, көңіл жықпастық танытып жатады. Бұл қазақ салтындағы көрегендіктің бір белгісіндей. Бұдан қазақтың кең пейілділігі, мінезінің дархандығы көрінеді. Кімде-кім адам жүзіне титтей реніш ұялатқысы келмесе, ол адам баршаның үлкен қайғысына бей-жай қарай алмақ емес. Тек осындай адамдар ғана ізгіліктің, адамгершіліктің ең биік шыңында тұрады. Осындай озық ойлы, парасатты адамдар ғана қоғамымызды көркейтеді. Достыққа адал болады. Досыңа мұныңды шағып, сырынды айтып, тілдесесің. Осындайда қуанышыңды да, қайғыңды да жеткізетін қызыл тілдің болғанына қуанасың.

Тек өз тілін ғана емес, бірнеше тілді меңгерген жастар көп. Бүгінгі заман талабы осындай. Ағылшын тілін үйренуге деген сұраныс өте жоғары, оған қоса, неміс, француз, қытай тілдерін оқып жатқандар қаншама. Қазақ тілін бір кісідей білетін өзге ұлттар да баршылық. Тіпті, көз көріп, құлақ үйрене келе үйреншікті жағдайға айналып барады. Тіл – елдер арасындағы достықты нығайтады. Қытай тілінде жарық көрген қазақ романын оқыған әрбір қытайлық біздің еліміздің салт-дәстүрін, мәдениетін жетік меңгереді. Жуырда Елбасымыз туралы жазылған кітап қытай тілінде жарық көрді. Енді олар қазақ елін ғана емес, Президенттің де қандай адам екенін де жақсы білетін болады.

Өзге бір тілді оқып үйрену арқылы сол халықтың мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын танимыз. Біздің Қазақстанда жүз қырыққа жуық өзге ұлт өкілдері тұрады. Біздің елде олар бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүруде.

Кезінде Абай атамыз орыс тілін жетік біліп, «Татьянаның қырдағы әнін» дүниеге әкелді. Сол кездің өзінде-ақ қырдағы қазақ орыстың Татьяна сынды сұлу қызын, Онегиндей ұлын білген болатын.

«Тіземнен сүріндірсең, сүріндір, тілімнен сүріндірме» – дейді қазақ. Неге? Өйткені омақаса құлап, мойны үзілсе, үзілсін, бірақ сөзден жеңілмесін.

Қазакең әуелі етке сылқия тойып, қымыз бен шайға қанып алады. Онсыз әңгіме-дүкеннің де, әннің де сөні кірмейді. Бұл үрдіс күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұрынғыдай атын бәйгеге қосып, палуанын күрестірмесе де, мейрамханалардағы той-саламаттар өз сән-салтанатымен атқарылып жатқан жайы бар.

Біз тыныш жатқан елміз. Дана бабамыз Қаздауысты Қазыбек биі айтып кеткендей, «Жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан, ешбір дұшпан басынбаған, басымыздан сөз асырмаған елміз». Көршілеріміз көзін алартып, қолын сұқпаса шаруамамызды күйттеп, оқуымызды оқып, заман талабынан қалмауға тырысамыз.

Ағылшын тілі мемлекетаралық қарым-қатынастарда жетекші роль атқарып, достық пен ынтымақты жалғастырып тұр. Президентіміз үш тілділік жоспарын іске асыру үшін біраз шаралар қолданып, оқу бағдарламасына ағылшын тілін енгізген болатын. Тек қана оқушылар ғана емес, ағылшын тілін үйренем деушілерге жол ашық. Бүгінгі күнде шет тілін еркін меңгерген жастарымыз да, орта буын да аз емес. Олар мемлекет үшін игі қызмет етіп, елімізге пайдасын тигізуде. Шет елдер де бізді мойындай бастады. Бізді жете біліп, танимын деушілерге құшағымыз айқара ашық. Пейіліміз бен ыстық ықыласымызға қай ұлт болса да тәнті болып, сіңісіп кете алады. Өзіміз де олардың жақсы қасиеттерін бағалаймыз.

Қазақтың кең даласындай дархан мінезді, мейір-шапағаты да мол менің қазағым. Батырдай аңғал, баладай бауырмал, қонағына жалғыз атын сойып беретін жомарттығы қандай! Қиындыққа мойымайтын көңбіс те көтерілі. Болмысынан ерекше, жайсаң, меймандос қазағыңа қайран қаласың. Сырбаз да сырдаң, сегіз қырлы, бір сырлы, қазақ өзі бір түрлі.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Елбасымыздың артынан еріп, ұлы көшті әрі қарай жалғастыратын, көшпенді халықтың ұрпақтары бізбіз. Еншімізге мұра болып тиген, қазыналы, бағалы, бай тілімізді сақтау, ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпау – ендігі біздің міндет. Өзге тілдерде бұлбұлдай сайрасақ та, өз тілімізді ұмытпауымыз керек. Бірлігімізді нығайтатын, елімізді көркейтетін, асылымыз да айбынымыз осы тіліміз. Өз тілімізді құрметтеуден, оны дәріптеуден жаңылыспауымыз керек. Ол – қазақтың тілі, анамыз тілі. Асылым менің, айбыным менің!



20 ноября этого года на заседании научно-методологического семинара «Межэтническая толерантность в современном казахстанском обществе: состояние и тенденции» состоялось подведение итогов конкурса, посвященного ко Дню Международной толерантности и церемония награждения победителей по номинациям. Дорогие друзья! Предлагаем Вашему вниманию материалы победителей в номинациях: «Лучшая статья» - Муканова Айнура; «Арнау» - Жанат Жангелді.



Айнура Муканова, магистрант второго курса факультета химических технологий и естествознания ПГУ имени С. Торайғырова

К вопросу о воспитании толерантности у подрастающего поколения

В современной жизни мы все чаще и чаще сталкиваемся с разными формами несправедливости, преступностью, терроризмом. Эти проблемы имеют глубокие корни, но имеют общий субстрат в лице человечества. Как отмечает философ Ю.А. Шрейдер: «Самая страшная из грозящих нам катастроф – это не столько атомная, тепловая и тому подобные варианты физического уничтожения человечества, сколько антропологическая – уничтожение человеческого в человеке». Этот вопрос настолько актуален, что в 1995 г. ЮНЕСКО была принята Декларация принципов толерантности, согласно которой «толерантность означает уважение, принятие и правильное понимание богатого многообразия культур нашего мира, наших форм самовыражения и способов проявлений человеческой индивидуальности...», это гармония в многообразии, это добродетель, которая делает возможным достижение мира и способствует замене культуры войны культурой мира...».

Иными словами, толерантность означает терпимость к иному образу жизни, поведению, обычаям, чувствам, мнениям, идеям, верованиям. Казахстан – страна уникальная. Одна из сторон этой уникальности в том, что это многонациональная страна. В небольшом по населению Казахстане проживают представители 130 этносов и множества конфессий. Поэтому вопрос толерантности должен занимать особое место в общественных взаимоотношениях внутри данной страны.

Уникальность казахстанской модели толерантности состоит именно в ее целостности, комплексности с учетом всех интересов. Система на данный момент, я считаю, работает, в том числе, и благодаря людям, которым не безразлична судьба народа.

Воспитание толерантности следует рассматривать в качестве неотложной важнейшей задачи, если хотим сохранить страну, общество, человека и «человеческое в человеке». На становление человека как личности влияет множество факторов, и какой фундамент заложен сейчас, таким и будет здание.

Воспитание в духе толерантности должно стать общим девизом по работе с подрастающим поколением. Оно должно способствовать формированию у молодежи навыков независимого мышления, критического осмысления и выработки суждений, основанных на моральных ценностях.

Попытки подростков понять и постичь причины тех или иных традиций, обычаев, расширяют их мировоззрение, формируют уважение к другой культуре, развивают рефлексии. При этом следует отметить, что сам процесс взаимодействия дополняется еще и взаимодействием с учителями и учащимися различных статусов, различных поколений, в которое они включаются как изначально равноправные.

Итак, в настоящее время имеет большое значение осознание важности феномена толерантности для нашего общества. Толерантность как одна из характеристик, в значительной мере влияющих не только на развитие социального климата, межличностные отношения, политику, представляется наиболее актуальной задачей для развития современного человека и его воспитания.



Жанат Жангелды, студент 2 го курса энергетического факультета ПГУ имени С.Торайғырова

Язык – основа дружбы и согласия
В стране нашей небольшой
очень много наций,
Но мы с вами против расизма
и дискриминации.
Полюбим чужого, как родного,
И обойдемся без лишних провокаций.
Казахи – народ очень гостеприимный,
А также щедрый, добрый и сильный.
Не раз он проявлял свою лояльность,
Ему к лицу добрососедство
и толерантность.
Не важно, какого ты этноса и культуры,
В просторах степи и тебе найдется дом.
Только ты будь бескорыстной
натурой –

Владей и чужим языком!
Ту страну ждет развал и спад,
Где каждый бережет свою голову.
Словно лебедь, шука и рак,
Только и тянут в свою сторону.
Людям нужно понимать ближнего,
Чтобы возвести хороший дом.
Коль нет согласия даже обычного,
То такая крепость падет, как Вавилон.
Знать три языка – значит быть богатым,
Тогда скорей богатым, мой народ.
Посмотри на мир здоровым взглядом,
И пусть станет разумней наш род.

В ЗАПИСНУЮ КНИЖКУ

Шаймерден А.А., специалист РНПЦ межэтнических и межконфессиональных процессов, участник Форума

По итогам поездки

13 ноября 2013 года в городе Астана состоялся III Форум религиоведов Казахстана на тему «Роль религии в светском государстве», организованный Агентством РК по делам религий совместно с ОО «Конгресс религиоведов» и Министерством образования и науки РК.

На пленарном заседании Форума были заслушаны выступления Майлыбаева Б.А., д.ю.н., заместителя руководителя администрации Президента РК, Азильханова М.А., председателя Агентства Республики Казахстан по делам религий, Есим Г., д.филос.н., профессора, академика НАН РК, председателя ОО «Конгресс религиоведов» РК.

Одной из ключевых тем Форума стало обсуждение вопроса реализации государственной Программы по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2013-2017 годы.

Главным событием Форума стала презентация Агентством по делам религий РК

информационно-просветительского интернет-портала «E-Islam» и проекта «Горячая линия – 114», которая функционирует при Информационно-консультативном центре.

Во второй половине дня работа Форума продолжилась в формате четырех тематических секций: «Реализация политики светского государства в сфере религии: региональный опыт и проблемы», «Повышение качества преподавания основ религиоведения в светских учебных заведениях Казахстана: методологические и практические аспекты», «Методология профилактики религиозного радикализма в светском государстве», «История ислама на территории современного Казахстана», где были обсуждены актуальные вопросы религиозной сферы.

В рамках Форума впервые были вручены почетные грамоты Конгресса религиоведов лучшим преподавателям университетов и учителям школ по предмету «Основы религиоведения».

Құрметті оқырмандар! Бүгінгі «Диалог алаңы» айдарының тақырыбы. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі бағдарлама және жастардың көзқарасы» және оның қатысушылары: Сарсенов Төлеген және Рахметова Батима



Сарсенов Төлеген, Тарих және құқық факультеті, Тар-201 тобының студенті

Бүгінгі «Диалог алаңы» айдарының тақырыбы: «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі бағдарлама және жастардың көзқарасы». Пікір таласқа қатысушылар: Сарсенов Төлеген және Рахметова Батима

Халықтың діни таңдауы Конституциямен бақылануы керек. Дәл осылай Ел Басшымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында айтып өткендей әрбір азаматтың діни таңдау жасауы өте күрделі мәселе болып табылады. Өйткені, дін – адамның рухани азығының қоры екені сөзсіз. Жақында, мемлекет басшысының 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 Жарлығымен Қазақстан Республикасында Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Бағдарламаның басты мақсаты діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу арқылы адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қазақстан аумағындағы экстремистік және террористік іс-әрекеттердің орын алуында сыртқы халықаралық діни экстремистік ұйымдардың ықпалы үлкен екендігін айтып өткен жөн. Соңғы 5 жыл ішінде осындай ұйымдар қызметіне қатысы бар 70 шетелдіктің ұсталуы осындай көріністердің дәлелі болып отыр. 2011-2012 жылдар ішінде 12 зорлық-зомбылық акциясының жасалуы, еліміздің батысы мен оңтүстігіндегі қайғылы оқиғалар бұл проблеманың күрделілігін көрсетеді. Ел ішінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы халық иммунитетін қалыптастырып нығайту үшін халық арасында профилактикалық іс-шаралардан бастау қажет. Яғни, азаматтардың әртүрлі діни кері бағыттардың шырмауына түсіп қалмауы үшін шаралар қолданылып, үгіт-насихат жүргізілмек.

Осы орайда, Елбасымыздың бұл бағдарламасының сәтті орындалуы үшін біздер, халық тарапынан ең бастысы аталған мәселелерге көз жұма қарамау мен белсенділік танытуымыз қажет деп ойлаймын.



Рахметова Батима, Гуманитарлық педагогикалық факультеті, Фил-201 тобының студенті

Ғылым және технология дамуының шырқау шегіне шыққанына және адамзат бірін-бірі оңайлықпен тани алатын мүмкіншіліктерге ие болғанына қарамастан, соңғы жылдары діни экстремизм мен терроризм тақырыптары бұқаралық ақпарат құралдарында жиі орын алуда. Соңғы 17-18 жылда Орта Азия аумақтарында жалпы экстремизм түрлерінің қаупі күшейді. Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан және ішінара Қазақстан Республикасындағы әртүрлі экстремистік бағыттағы ұйымдар тарапынан болған жағдайлар, жалпы экстремизм түрлерінің, оның ішінде діни экстремизм құбылысын зерттеудің маңыздылығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңындағы 1-ші баптың 5-ші тармақшасында діни экстремизмнің анықтамасы былайша сипатталған: діни өшпенділікті немесе алауыздықты қыздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін іс-әрекеттер ұйымдастырады және жасайды.

Бағдарламаның жүзеге асуы барысында елімізде әр түрлі іс шаралар мен акциялар ұйымдастырылуда. Соның бірі, «Дін және жастар» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында Атырау қаласында «Мұнайшы» стадионында Қазақстан Республикасы дін істері агенттігі мен Атырау облысының әкімдігі бірлесіп «Жастар экстремизмге қарсы» атты жастар акциясын өткізді. Акцияның мақсаты жастарды діни экстремизмнің қатерлері мен сын-тегеуріндеріне қарсы жұмылдыру, экстремистік идеялардың таралуымен күресу, жастарды тиімді әлеуметтендірудің негізі ретінде ұлттық мәдениет, салт-дәстүрлерді құрметтеу мен қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу. Іс-шараға облыстың жоғарғы білім беру мекемелерінің 8 мыңға жуық студенті қатысты.

Діни экстремизммен күресу мәселелерін зерттеу кешенді әлеуметтік-құқықтық сипаттама қамтиды және пәнаралық жолдармен, діни-саяси мәселелер компоненттерімен негізделеді. Сонымен қатар, мемлекеттік дамудың жағдайларына байланысты дамиды.

Құрметті оқырмандар! Келесі газет нөміріндегі «Диалог алаңының» тақырыбы «Әр түрлі секталардың қоғам санасына енудегі психологиялық мотивациясы». Заманның дамып, ақпараттық технологияның шарықтап тұрған шағында, адамдарда өзгеріп, ерекше бір мінез-құлық пайда болуда. Ата-ана мен бала арасында қарым-қатынас өзгерді. Ерлі-зайыптылардың арасындағы қайшылықтар, жұмыссыздықтың кесірінен түңіліп жүрген жастарды әр түрлі секталар психологиялық тұрғыдан өз қарамағына тартуда. Осы тұрғыдан не ойлайсыздар?

Бұл «Диалог алаңына» өз ой-пікірлеріңізді 10 қарашаға дейін rukhanialem@mail.ru немесе newcenterPGU@yandex.kz электрондық поштаға жіберулеріңізге болады. Айдардың үйлестірушісі: Әділет Мейрманов СТ-201 тобының студенті



ПРАЗДНИК ИСКУССТВА

Традиционным праздником поэзии и прозы в нашей университете стал литературный бал, проводимый кафедрой русской филологии. Его тематика в этом году – «Примадонны мировой литературы». На одном балу восхищенным зрителям довелось увидеть миссис Хадсон, Скарлетт О'Хара, мисс Марпл и Мэри Поппинс. Для новизны восприятия и охвата творчества поэтов и писателей разных эпох тема бала каждый год меняется.

Бал как культурное явление является исключительной принадлежностью европейской традиции, а потому был принесен на русскую почву Петром Первым вместе с прочими приметами европеизации. Во времена первых россий-

ских императоров проведение балов в Петербурге было весьма популярной практикой – формой организации общения и отдыха.

Литературный студенческий бал в нашем университете преследует несколько целей – пробудить новый интерес к изучению мировой литературы 18-19 веков, возродить великие традиции балов, привлечь внимание к богатейшей истории отечественной и зарубежной культур, а также сохранить нравственные ценности для молодого поколения.

С огромным удовольствием и ответственностью студенты и преподаватели участвовали в подготовке сценария, интерьера, костюмов, подборе музыки, распределении ролей.

На кафедре в такие дни царит атмосфера радостного волнения и предвкушения праздника. В этот раз студенты показывали отрывки из бессмертных произведений, таких, как «Ромео и Джульетта», «Золушка», «Гордость и предубеждение», «Женитьба Фигаро». Студенты из группы Фил-402 показали отрывок из сказки Леонида Филатова «Еще раз о голом короле». Донести студенческую самодельность до избалованного высоким искусством зрителя (родных преподавателей), ребята сумели мастерски, артистично, изящно и в то же время заигрывательно, с присущим юности задором. Кроме того, на суд зрителей были представлены котильоны и мезуэты в исполнении студентов второго курса.

Вся программа литературного бала повторяла балы для молодежи тех времен. Гостям были предложены интеллектуальные развлечения: викторины, составление ребусов и шарад, разгадывание загадок, воспроизведение рифм и многое другое. К чести присутствовавших, трудные вопросы викторины не остались без ответа, а ответившие, конечно же, не остались без призов и подарков.

Всё новое – это, как известно, хорошо забытое старое. И



неудивительно, что порой настоящей экзотикой предстают давние традиции. В этот вечер роскошь и изыск светских мероприятий с участием галантных кавалеров и

неотразимых дам превратились в грандиозное по красоте и содержанию зрелище!



ГАЛА-ПОСВЯЩЕНИЕ В СТУДЕНТЫ ПГУ



ВО ДВОРЦЕ КУЛЬТУРЫ ИМЕНИ ЕСТЯ ССТОЯЛОСЬ ГАЛА-ПОСВЯЩЕНИЕ В СТУДЕНТЫ ПГУ ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА, ПРИУРОЧЕННОЕ К ПРАЗДНОВАНИЮ МЕЖДУНАРОДНОГО ДНЯ СТУДЕНТОВ.



Павлодарский государственный университет имени Султанмахмута Торайгырова – старейший вуз Павлодарского Прииртышья. Он по сей день остается крупнейшей в регионе кузницей кадров высшей профессиональной квалификации, входит в пятерку лучших многопрофильных вузов республики.

С 14 по 30 октября 2013 года прошел смотр-конкурс среди факультетов ПГУ. Самые активные факультеты были отмечены дипломами и благодарственными письмами. Дипломом третьей степени и ценным призом за артистизм

и своеобразие были награждены энергетический факультет и факультет металлургии, машиностроения и транспорта.

Финансово-экономический факультет был награжден дипломом второй степени – за нетрадиционную форму проведения мероприятия и оригинальность.

Дипломом первой степени был награжден агротехнологический факультет. Гран-при и ценный приз – ноутбук – завоевал архитектурно-строительный факультет.

С началом интересной студенческой жизни собравших-

ся первокурсников поздравил проректор по стратегии развития, воспитательной и социальной работе ПГУ им. С. Торайгырова, д.полит.н., профессор Арман Акишев. «Студент ПГУ – это многосторонняя творческая личность, для развития его потенциала в университете созданы все условия. В стенах нашего вуза с большим успехом проходят областные и республиканские фестивали и конкурсы. На базе нашей студенческой филармонии действуют многочисленные творческие коллективы. В ПГУ работает филиал Ассамблеи народа

Казахстана, Комитет по делам молодежи, студенческое радио, дебатный клуб, клуб веселых и находчивых, молодежные общественные объединения, трудовые отряды и спортивные секции. Поэтому можете не сомневаться: все ваши творческие начинания получат в ПГУ развитие, все креативные идеи мы услышим и обязательно поддержим», – подчеркнул Арман Айтмухаметович.

В праздничной программе приняли участие творческие коллективы студенческой филармонии и студенты ПГУ им. С. Торайгырова.



Бетті даярлаған Руфина Торпицева

Редактор
Қ. Шаймарданова
Тілші
Ж. Елешова
Имиджмейкер
Р. Торпицева
Керемідеуші-беттеуші
Н. Яницкая
Корректор
С. Шаймарданова

Меншік иесі – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университeti

Ақылдастар алқасы:
С.М. Өмірбаев
Ж.Т. Сарбалаев
Қ.М. Алдабергенов
А.Ж. Құдабаев
Г.Н. Кенжебалина
А.Ф. Зейнулина

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп,
№ 1858-Г куәлігі берілген (02.04.2001)
Газет С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің "Білік" газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Таралымы 700 дана.

Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды.
Павлодар қ., Ленин к., 143 үй
тел.: 61-80-26.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64,
427А - кабинет.
Байланыс тел/факс: 67-36-48

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Тапсырыс № 4913